

«ЖЫЛЫЖАЙДЫҢ» ҚИЯРЫ

Тып-тыныш тұйық көшенің шетінде түксиіп тұрған бес қа батты сұрғылт үйдің ортаңғы подъезіне кіре бергенде-ақ тұла бойын суық ызғар қарып өткендей болды. Жаңағы күнге шағы лысқан сырттағы аппақ қардан соң көзі де кенет көрмей қалған секілді, тек сәлден кейін ғана қара түнек сейіліп, қарсы алдынан бел ортасы мүжілген тас баспалдақ пен екі есіктің нобайы байқалды. «Төртінші қабат, отыз бесінші пәтер» деп іштей қайталады. Сосын жұлығына жұққан көбік қарды табалдырыққа теуіп-теуіп түсірді де, жайлап басып, жоғары көтеріле бастады.

Ертеректе еңсе көтерген үй болса керек, әр қабаттың арасы арқан бойы биік, ұзын баспалдақтары тіп-тік екен, төртінші қабатқа табан тірегенше тынысы тарылып, әжептәуір демігіп қалған. «Көшеде көлеңкесіне сүрініп жүрген байғұс кемпірге мына биіктен түсіп-шығу да мұң шығар...» Былғары қолғабын шешіп, тоңазыған саусақтарын ыстық демімен үрлеп-үрлеп қойды да, шағын дәлізге көз салды... Қарама-қарсы екі пәтер... екі есік... Екеуінің де қоңыр дермантинмен қапталған, тысы әбден тозған, жиектері жыртылып, кәрі қайыңның қабығындай әр жері тілім-тілім боп ырсиып тұр. Қала үйлеріне тән сонадайдан көзге шалынатын пәтер нөмірлері де көрінбейді, бұл тек сол жақтағы есіктің алқым тұсына үңіле келіп, бір кезде темір цифрмен шегеленген «35»-тің орнын әзер тапты. Іздеп келген пәтері осы. Іздеп келген пәтерінің есік-тұтқасы да жоқ, сұқ саусақ сыйып кетердей үңірейген тесіктің маңайы май жұққандай жылтырайды. Сырт киімінің жұқалығы ма, әлде осынау алакөлеңке подъезд іші сырттан да суық кө рінді ме, қарадай қалтырай бастаған бұл енді тезірек үйге кі руге асыққан. Бірақ, неге екені белгісіз, алдындағы алқа-сал қа есік тің арғы жағында бұны ешкім күтіп отырмағандай, та бал дырықтан аттаса болды, қап-қара тас үңгір, тар қапасақа тірелетіндей және біраз бөгеліп қалды. Сонан соң жақтаудағы қоңырау түймесін ақырын ғана басып, кейін шегініңкіреп тұрды... Жым-жырт... Сәлден соң түймені қайта басты да, ішке құлақ тосты... Әлдебір қуыстан

күңгірлеп сөйлеген радионың даусынан басқа тырс еткен дыбыс білінбейді. Мүмкін, қоңырау үнін естімей отырған шығар?.. Бас бармағын батыра түсіп түймені ұзағырақ басқан... Тым-тырыс. Үйде тірі пенде болса ендігі бір тықыры білінер еді, шамасы, сыртқа шығып кеткен секілді. Бір күнін майып қылып, қаланың сонау шетінен әдейі іздеп келгенде, мына мелшиген есікке тап болғанына бұның кілт ызасы келді. Бірақ кешегі көктайғақ көшеде аяғын мұзға кірш-кірш қадап, сүйретіліп бара жатқан шүйкедей қара кемпір көз алдына елестеді де, қайта сабасына түсе берген. «Алысқа ұзап қайда кетті дейсің, кәрі қойдың өрісі белгілі ғой».

Мұздай сіресіп тұрған қабырғалардың сызы сүйектен өтердей екен, бой жылытпақ болып подъезд ішінде ары-бері жүре бастады. Баспалдақ тұсындағы ұзыншақ терезенің жалғыз көзін қырау басқан, жұқалау ғана көгілдір жарығы көмескі де күңгірт. Босағадан қопсып түскен бір кесек цементті етік тұмсы ғымен төмен түсіріп жіберіп еді, иесіз қаңырап қалған үйдей бүкіл этаж күңгірлеп қоя берді. Іле үшінші қабатта біреу есігін болар-болмас сықыр еткізген. Бұл кілт еңкейіп, бас палдақ қуысынан төмен үңілгенде, аяққы есіктен қылтиып тұрған көзілдірікті бас маңайына жалтақ-жалтақ қарап алды да, қайта ішке зып ете түсті. Басына кепкен қарын кептегендей қатқан қара шал екенін қас қағымда бұл байқап үлгерді. «Жанының тәттісін!» – деді іштей мырс етіп. Сосын ерніне темекісін қыстырып алып, подъезді тағы шиырлап кетті.

Шамасы, түс ауған шақ сияқты. Күткені әлі жоқ. Қолын бір сілтеп жүре беруге жүрегі дауламайды, біраз тоса тұрайын десе, башпайларының басы шым-шым етіп шыдатар емес. Өзіне де обал жоқ, қайдағы бір бейбақтың боз інген бошалап кеткен жылы жоғалған ұлының суретінде несі бар еді? Енді, міне, біреудің босағасын күзетіп, бостан-босқа дірдектеп тұрғаны мынау... Осы қырсыққа қайдан ғана тап болды екен?..

Кеше кешкісін жұмыс шеберханасынан кештеу шыққан беті болатын. Күні бойы тұнжырап тұрған аспан асты ашылып, жер мен көктің арасы биіктей бастапты. Таңертеңнен тар шебер ханада көңірсіген бояу иісі мен

темекінің көк түтініне көміліп отырған бұның да бір сәт кең сарайы ашылып, таза ауада біраз бой сергітіп алғысы келген де, көше шетіндегі көктайғақ тротуармен үйіне жаяу тартқан. Бұл уақытта жұрт та жұмысынан тарап, қаланың қан базары тіптен қайнай түскен кез еді, ағылып-сабылып жатқан қалың нөпірмен бірге бір-екі кварталды қиып өткен соң, сол жақтағы қапталға бұрыла бер-гені сол... кенет трамвай жолы өтетін көлденең көшеде машиналар азан-қазан болып, бірінен соң бірі шиқ-шиқ етіп тоқтай қалған... Қарсы беттегі светофордың қызыл көзі қылиланып кетіпті. Сол қызыл көзге қарай, «қырып жіберсең де мейлің» дегендей, бір ілмиген кемпір ілби басып кетіп барады... Алдыарты түгел машина. Япыр-ай, басып кете ме, қағып ке те ме деген қауіпті қаперіне де алар емес. Сөйтіп маңайына селт етпеген қалпы ол жол жиегіне жеткен де, бүкеңдеп тура жүре берген. Көк жарық жансымен бұл да арғы бетке өтіп, кемпірдің ізіне түсті. «Қартайған сайын адам жаны тәтті болады деу ші еді, қатер атаулыға қас қақпаған қандай жан?» деп ойлады бұл. Кім де болса, әйтеуір, тірі адамның тіршілігін жа сап, бір қолымен таяққа сүйеніп, бір қолымен тор дорба көтеріп, жыбырлап барады алдында. Темір таяқ көк тайғаққа кірш-кірш қадалады... Кең қонышты қара пима жер сызады сүйретіліп. Түгі қырылған түбіт орамал бір жағына қисайып кеткен... Соңынан біреудің өкшелеп келе жатқанын сезді ме, біраздан кейін ол біртіндеп жолдан қиыстай бастады. Бұл да одан озып кетпей, жүрісін тежей берген. Бірақ кемпір сол қиғаштаған күйі... бұл «әу» дегенше, жол жиегіндегі арық қа күмп ете түсті. Қолтығындағы шиыршықтап оралған ақ қағазын лақтырып тастап, бұл да арыққа секіріп түсті де, көтерем тоқтыдай тырбаңдап жатқан оны қаңбақтай көтеріп, жолға тік қоя салды.

– И-и, тәйір-ай, – деді ол көнетоз сұр пальтосының етегін қақ қыштап. – Құлап қалдым ба, қайттім?..

Алақандай беті әжім-әжім, шүйкедей ғана қара кемпір екен. «Өзің кімсің?» дегендей, ол да бұған жасаурай қараған. Қа раған да:

– Рәш, – деген даусы қалтырап. – Құдай-ау, дәл Рәш... Құдды Рәш... Сепсиген сақалына дейін аумамай қалғанын...

Оның қайдағы Рәшті айтып тұрғанын бұл қайдан білсін, есіне ауылдағы өз шешесі түскен де, іші іріп жүре берді. Соңғы кезде ол да өстіп тым шөгіп кетіп еді.

– Шешей, қай жерде тұрасыз, жүгіңізді жеткізіп берейін, – деді тор дорбаны жерден көтере беріп, «Шешей» деп сызыла қалғаны өзіне ыңғайсыз да көрінді. Сонысын жуып-шайғысы келгендей, іле:

– Жүгіңіз ауыр екен, апа, – деп дорбаны салмақтап қойды. Расында зілдей екен құрғыр. Ішінен ақ қағазға оралған әр түрлі буыншақ-түйіншек пен төрт-бес шиша айранның көк қалпағы қылтияды. Кемпірді арыққа сүйрей жөнелген де осы сүйретпесі сияқты.

–Е, әуре боп қайтесің, күнім... Үйім әнеу көшенің бұрышында ғана, – деп ол таяғына қол созған.

– Жо-жоқ, жеткізіп салайын, апа... Асығыс емеспін, – деді бұл кемпірді қолтығынан демеп.

– Бұның несі ауыр дейсің, күнде көтеріп жүрген көк дорбам ғой... Ішінде іліп алар да ештеме жоқ, кепер-сепер, сүт дегендей бірдеме... Жолыңнан қалмасаң, жүре ғой. Өзің бір Рәш секілді бала екенсің... И-и, құлыным-ай, жағы қудай боп жүріп сақал жібергені не сән?.. Рәшті айтам да баяғы, – деп, кемпір жүре сөйлеп, жолға түскен.

– Жүріп келе жатып қалғып кеткеніңіз не? – деді бұл өзінше әзілдеген боп.

– Алжыған кемпірден не сұрайсың, күнім?.. Әлгінде әншейін Рәшті ойлап келе жатқам... Адамның түсіне де қайқай дағы кірмей ме, бәтшағар. Кеше түнде деймін-ау, сұғанақ ойлар сілемді қатырып, ұзақ уақыт ұйықтай алсамшы. Тек таңға жақын кірпігім ілініп кеткен екен... көз алдыма Рәштің келе қалғаны... Дәл баяғыдай әкесінің мойнына мініп алып, арсалаңдап отыр құлыным. Бірақ, жүдә, үлкен боп кеткен екен деймін, сақалы сепсеңдеп әкесіне «Шүү-шүү» деп қояды тебініп. «Балам-ау, сереңдеген аяғыңмен өкпесін езесің ғой, түссеңші» деймін күліп. Ол маған бұртия қарайды да, үндемейді... Енді бір сәтте о, құдауәндә... әкесінің жап-

жалтыр басын қаламұшпен сыза бастайды шимайлап. «Қой, әй, көзін шығарасың!» деп шошына айқайлап, ояна келгенім... Жатқан жері жаннат болғыр, әкесі марқұм Рәшті қатты жақсы көруші еді, бірдеме дәметіп жүр ме, кім білсін... Аруақтарды ауызға алып, дәм татуға да кәрі-құртаң қалды ма қазір?..

Бұның ойына тағы ауылдағы өз анасы оралған. Үйге барған сайын ол: «Жарығым-ай, әнеу күндері бір нәрсеге қатты ренжіп жүрдің-ау, түсіме тым жүдеу кірдің сонда. Басым жастыққа тисе болды, көзің кіртііп, бір бұрышта үрпиіп отырғаныңды көрем. Сосын оянған кезде жылап та аламын. Өстіп жүрген мен байғұста не ес болсын, кейде самауырға су құям деп сүт құйып, мантирам отырам да», – дейтіні бар.

– Балаларыңыз бар ма, апа? – деді бұл жер асты баспал дақ-тарымен көшені қиып өткен соң.

– Е, неге болмасын?.. Бәрі де ержеткен. Бәрін де адам еткенбіз. Әйтеуір, жерде қалған бірі жоқ. Үлкен ұлым – енженер, Тәшкенде тұрады. Өткен жазда кәмәндиropкeгe келгенде, үйге де соғып аттанған... Одан кейінгі қызым кәндидат, инстотта сабақ береді. Кейінгі кезде ол да үйге жиі келіп жүр. Ана айдың басында ғана ыдыс-аяғымды түгел жуып, кітаптардың шаңына дейін сүртіп кетті, – деп кемпір тірлігіне шүкіршілік еткендей, сөзін шұбырта созды.

«Күлсең, кәріге күл» деп бұл жымыды да қойды. Әйтпесе «кән дидат» қызға кітаптың шаңын сүрту сөз бе екен?

– Қызыңыз бұрын алыс жерде тұрған ғой, – деді бұл оның «кейінгі кезде жиі келіп жүр» дегеніне орай.

– Жоғә, туғаннан осы қалада. Әкесі марқұм есік-тесікті саға лап жүріп, көзінің тірісінде екі бөлмелі үй алып берген... Осы арадан төрт-ақ астанөпке жерде... Е, оны қойшы, жақсыжаманы көз алдымдағы бала ғой, бәрінен де Рәшті айтсаңшы... Со баланы ойлай-ойлай есалаң боп біттім, тегі. Күндіз-түні елесі бір кетпейді есімнен... Тегін емес қой бұнысы, тегін емес. Аман-сау жүрсе, тоғыз айдан бері бір хабарын бермес пе еді?.. Бүгін, міне, декәбірдің

жиырмасы. Осыдан тура тоғыз ай үш күн бұрын – марттың он жетісі күні соңғы хат келді де, содан үшті-күйлі жоғалды... Со хатында жуықта Лейсіп деген қалаға стажерөпкеге жүрем, келесі хабарымды сол жерден күт деп еді... Әй, тегін емес қой... тегін емес... Баяғыда әкесіне құдайдың зарын қылып айттым, бір балаңды Мәскеуден оқыттың ғой, Рәшке Алматы да жетер, осы арадан бітірсе де жерде қалмас де дім. Оған көнді ме?.. Енді не өлі, не тірісін білмей, құр сұлдерім жүргені мынау... Әй, тегін емес қой, – деп, кемпір көзіне жас алды.

«Балаңыз қай оқуды бітірді? Қашан бітірді? Мамандығы не?» деген сұрақтар бұның көмейінде кептеліп-ақ еді, бірақ өзі де қапалы жанды қазбалай түсуді жөн көрмеді де, үндеген жоқ.

– Міне, келіп те қалдық, – деді кемпір бір бес қабатты үйдің бұрышына тақала бергенде. – Мен осы үйдің төртінші қабатында тұрамын. Пәтерім жайлы, үш бөлмелі... Асықпасаң, жүр, дәм татып шық.

– Рахмет, – деді бұл үйдің бас-аяғына барлай қараған қалпы. Еңсесі биік-ақ тіпті. Құдды үй емес, тас қамал ма дейсің. Сүпсүр сыртының өзі мысыңды басатындай. Терезелері де темір қақпадай өңкиіп тұр. Бірақ, бір қызығы, сол терезелердің көпшілігі қап-қара боп түнеріп, тіршіліктен титтей белгі таны тар емес. «Ел орынға қонбай жатып, отын ерте өшірген бұл қандай жұрт?» деп ойлады бұл. Мүмкін, ешкім тұрмайтын шығар?..

– Апа, анау терезелер... бос пәтер ме? – деген сосын.

– Балам-ау, қалада бос пәтер болушы ма еді? – деді кемпір бұның қолынан дорбасын алып жатып.

– Мен әншейін... шамына қарап...

– Е, балам, кезінде бұл үйдің де оты ерте жанып, кеш сөнген... Іргесінен иттің өзі именіп өтетін күн болған. Қазір ғана ғой қу мазардай қаңырап қалғаны, – деп кемпір жүре берген. Бірақ сәл ұзап барып, қайта бұрылып еді. – Ойбұй, күнім-ай, тарс есім нен шығыпты-ау!.. «Мыңның түрін танығанша, бірдің атын біл» деген, атың кім өзіңнің? Қандай жұмыс істейсің?

– Атым – Телжан. Суретшімін.

– Е-е, солай де... Бала кезінде Рәш та бірдемені шимайлап оты рушы еді... Сонда сен адамның да суретін жасайсың ба?

– Жасаймын, – деді бұл кемпірдің «жасайсың ба?» дегеніне күліп.

– Жақсылығың құдайдан қайтсын, күнім, сен онда маған Рәштің суретін үлкен етіп жасап берші. Үйдегі кәртішкесінің бәрі бармақ басындай ғана. Сен солардың бірін үлкейтіп көрші. Ақыңды жемеспін.

– Ақыңыздың керегі жоқ. Қашан келейін сізге?

– Тура ертең кел. Мен қай уақытта болсын үйдемін. Төртінші этаж, отыз бесінші пәтер... – Ол сөзін аяқтағанша, кенет маңай көз қарығындай жап-жарық боп кетті. Кемпір тұратын үйдің дәл қарсысынан тағы бір бес қабатты үй салынып жатыр екен де, оның қасқа маңдайынан қуатты прожектор жарқырап шыға келіпті.

– Әкелерін қоюға асыққандай жанталасуын, – деп кемпір түн жамылып жұмыс істеп жатқандарды жаратпағандай бір уыс беті тыржиып сәл тұрды да, кете барды.

Құрылыстың даң-дүң шуы жүйкесін жейтін шығар, әйтпесе мұндай үйдің тез біткеніне қуанбай ма деп ойлады бұл. Расында, сырты сымбатты-ақ еді оның. Әр қабатты тұтас ораған ұзын балкондарына қарағанда, өзі тұрғын үй секілді. Ақ қаңылтыр жапсырған терезе жақтаулары прожектор жарығымен шағылысып, жарқ-жүрқ етеді. Үйге кіре берістегі мәрмәр баспалдақты, «қайсың кірсең де, қадамың құтты болсын» дегендей, бір-екі қыз тап-тұйнақтай етіп сыпырып жүр. «Ертең біреулер осында тұрады ғой, ұл-қызымен қызығын көреді ғой. Қандай бақытты жандар?!» деп бұл үйге қызыға қараған...

...Ту сыртынан тырс етіп есік ашылды. Манадан суық подъез де сықырлап тұрған Телжан жалт бұрылғанда... жүрегі зу ете түсті. Сол жақтағы пәтерден аузына үлкен сумка тістеген та йын шадай сұр ит шығып келеді екен. Артынша оң қолымен таяқ, сол қолымен иттің жібін ұстаған бір кемиек кемпір де көрінді. Иттің құлағы тікірейіп, табандап тоқтай қалған. Кемпір көгілдір көзімен бұны тінте қарап, аз-кем бөгеліп тұрды да:

– Ах, ты бессовестный! – деді іс-міс жоқ. – Опять пришел!.. Опять хочешь что-нибудь воровать, да! Жулик ты, бородатый.

– Я не к вам...Я к вашей соседке... с тростиком, – дей берді бұл абыржып.

– Тут все с тростиком. Ишь ты какой умный!..

Осы сәтте, о, тәубе!.. Күн ұзақ күттіріп қойған есік оп-оңай ашыла салғаны. Ашыла салғанда, сүріне-қабынып кешегі кемпір шыға келгені.

– Машенька, ты что! Он же ко мне...

– Так оно что. Я думала... опять тот бородатый...

– Ой, алжыған неме, сақалдының бәрі ұры мен қары деп пе едің? О, несі, әй, тегі... Жүре ғой, күнім, жүр тез. – Кемпір

бұны иттен жасқап, үйге кіргізіп алды да, есігін сарт еткізіп жа ба қойды. – Жо-жо, етігіңді шешпей-ақ қой, күнім. Еден деген мұздай, құрғыр. Тұу, өзің боп-боз боп кетіпсің ғой.

– Манадан кіре алмай... қоңырауды басып...

– Ой-бұй, балам-ай, түнде ұйықтай алмаған соң, мана түкпірдегі бөлмеге қисая кетіп едім... тастай қатышпын, тегі... Етігіңді шешпе дедім ғой саған, еден жүдә суық мұнда. Былай... залға қарай өте бер, мен қазір ыстық шай дайындап жіберейін. Айтпақшы, жаңағы кемпірге ренжімей-ақ қой, о да бір жүйкесі жұқарып жүрген жанның бірі. Өткен аптада есігін жөндетіп алайын деп сақалы сепсиген біреуді сүйретіп келсе, сол сілімтік немесі сөзге айналдырып отырып, аяққа жағар спиртің қағып кетіпті. Содан бері сақалды көрсе, сайтаны қозып шыға келетіні бар. Сүйенері жоқты сүмелек те басынбай ма, тәйірі...

Босаға тұсындағы қара диванға жайғасқан бұл біразға дейін діріл қағып отырды да, тек не заматтан соң бойына жылу шымшымдап кіріп, мұздай сіресіп қалған аяқ-қолына қайта жан біте бастады. Расында үй салқындау көрінді. Күлгін түсті пердесі жартылай ашылған қос терезе жақтан аздап сыз білінеді. Бөлме іші күңгірт, қабырғалардың әр жері қабыршақтанып, әлгі қопсып түскелі тұр. Дүние атаулыдан көзіне іліккені: сол жақ қанатқа

тұтастай тұтылған түкті кілем... төбеде салбырай төнген хрусталь моншақты люстра... төрде оюлы сандықтың үстіне қойылған ескі телевизор. Бұның бәрі жиырма-отыз жыл бұрын кез келген үйден кезіге бермейтін «ішің күйсін» бол ғандай. Қазір де жуып, тазалап жіберсе, жұтынып шыға келетін түрі бар. Бұл енді диван жақтауына қолын ұзыннан са лып шалқая отырып еді, шынтағына қатты бір заттың батқаны байқалды. Қараса, қабырға қуысына қыстырылып тұрған әлдебір рама екен... Диванды бері жылжытып, суырып ал ды... Портрет... Майлы бояумен салыныпты. Шаң басқан бе тіне үңіле келіп, оның Таңатар ақын екенін әзер таныды. Тап-тақыр басы мен ұялы қара көздеріне шыбын қона-қона, ақ жағал тартқан. «Көзден кеткеннің көңілден кетері» осы. Суреті қайдан жүр екен мұнда? Бұдан он бес жыл бұрын бірінші курсқа қабылданғанда, бұлар осы ақынмен кездесу өткізген. Сонда ол бұған «Босаға» деген кітабына қолтаңба да жазып беріп еді. Ондағы бір өлеңді бұл әлі күнге жатқа біледі. Басы қалай еді өзі?.. Иә, былай...

Тығылып жатып тасада Тас атар тағдыр – бособа. Тосқауыл турар тосынеа Осы ійге болдым босаеа... Әкенің жолы тиын-ды, (Әкелер сезер күйімді). Іалтырап жіріп Іа7тарда Шілде боп жылыттым үйімді...

– Шай қайнағанша Рәштің суреттерін көре отыр. – Кемпір қара пимасын сүйрете басып келіп, бұның алдына төрт-бес альбом қойды.

– Сіздер Таңатар ақынмен таныс па едіңіздер? – деді бұл порт ретті қабырғаға сүйеп жатып.

– Күнім-ау, ол Рәштің папасы емес пе? Кешеден бері не ұмыттым десем, өз жөнімді айтпапшын ғой. Мен осы ағаңмен қырық жыл отасқан Алмаш деген апаңмын. Сен оны қайдан білесің?

– Қазақша оқыған қай бала Таңатар ағаны білмейді, апа? Біз де солардың біріміз.

Даусы қаттырақ шығып кеткенін кейін аңғарды. Ойда жоқта ақын үйіне тап болғанына қуанып қалған жайы бар.

– Ауылда өскен баласың ғой, тегі. Әйтпесе қырық жыл бір іннен өріп, бір шаңырақтан бас көтеріп жүрген көршілердің өзі оның қай кітабын біледі?

Көрші деймін-ау, өткен жолы, өзі міздің Маяны айтам да, әкесінің бар жазғанын жиып-теріп баспаға ала жөнеліп еді, кейін біреу звондап кеңк-кеңк күле-еп тұр. «Бізге қазақ әндері емес, Тәкеңнің өз жазғандары керек», – дейді масқара болғанда. Сөйтсе, әлгі жаман қыз әкесінің өлең кітаптарының арасына «Құлақтан кіріп, бойды алар» деген ән кітабын да қосып жіберіпті... Қой, үйбай, шайымды көрейін барып.

Телжан кемпірді біртүрлі аянышты көзбен ұзатып салды да, альбомдарды ақтаруға кірісті. Қоңыр пүлішпен тысталған бірінші альбомның алғашқы бетіне үлкен әріптермен «Рашид в детстве» деп жазылыпты. Рәш, Рәш дегені – Рашид болды ғой деді де, екінші бетті ашты... Тәкең екі-үш айлық нәрестені алақанына салып көтеріп отыр. Жанында Алмаш апай. Екеуінің де жастау кездері. Тәкең ақ көйлегіне шоқпардай қара галстук байлапты да, апай шашақты гүлді орамалды мойнына бос орай салыпты, мойыл қара шашын шөмеледей етіп төбесіне түйіп қойған. Екеуінің де бір сызатсыз балауса жүздерінен қайғысызмұнсыз күндердің ыстық лебі ескендей. Екеуінің де мөп-мөлдір тұнық көздері нәрестеге риясыз қадалып, жып-жылы жымия қалған. Анау қабырғаға сүйеулі тұрған шаң-шаң портреттегі шөміш иек, айна таз Тәкең мен мына ас үйдегі шүйкедей кемпір, бір кезде осындай уылжыған жас болды дегенге сенгің келмейді... Альбомның келесі бетінде откритканың көлеміндей екі сурет жапсырылыпты. Жоғарғысында... Тәкең мен апай жеті-сегіз жасар бір ұл, бір қызды жетектеп, желекті бақ ішінде бесік-арба итеріп келеді. Шамасы, мамыр айы сияқты, төңірек түгел аппақ гүлге оранған, ағаш бүрін үрлеп қалсаң, үлбіреп ақ көбелек ұшатындай. Жетектегі ұл мен қызды да ақ көбелек тей үлбірете киіндіріпті. Бұлардың бірі – кемпір айтқан әлгі әке сінің өлең кітаптарының арасына «Құлақтан кіріп, бойды аларды» қосып жіберген «жаман қыз» да, екіншісі – «қазір Тәшкенде тұратын, өткен жылы командирөпкеге келгенде үйге де со ғып аттанған енженер» ұлы болса керек. Бесікте жатқаны, әрине, Рәш қой... Ал төменгі суретте екі беті алмадай сәби тырбиған саусақтарын алға созып, маз боп отыр талпынып, шаттанып отыр

қуанып. Шіркін, баланың қуанышынан тәтті не бар, тіпті қарай бергің келеді елжіреп. Бұл да Рәш қой, әрине... Телжан бұдан кейінгі беттен Тәкенді де, Алмаш апайды да көре алмады, түрлі түсті үлкен суретте ақ халатты екі әйелдің ортасында он шақты бүлдіршін моп-момақан мөлдірей қалыпты. Бәрі бірекілер шамасында. Бәрі бірдей бұртиып, әлденеге ренжігендей томсара түскен. Ең алдыңғы қатарда отырған Рәштің көзінен таңғы шықтай мөлтілдеп бір тамшы да үзілгелі тұр... «Папа-мамам қайда менің? Қайда тастап кетті мені!» деп жылап алған секілді. Суреттің төменгі жағына қызыл сиямен «Первый день в дет-ясли» деп жазылыпты.

Телжан альбомды асықпай парақтап отыр. Саусақ ұшынан қатпар-қатпар, түрлі түсті, үлкенді-кішілі небір сурет сусып өтіп жатыр... Рәштің сәби күндері... Балдай тәтті балалық шағы... Қызықты да қымбат мектептегі кезі... Ақ шатырлы пио нер лагері... Алыс-алыс сапарлар... Міне, ол бұйра шашы жел біреп, Ыстықкөлдің жағасында жүгіріп келеді жалаңаяқ... Әне, әкесімен бірге Кремльдің алдында тұр монтиып... Мына бір суретте Ай-Петриге шығып барады өрмелеп. Қандай ғажап?! Бармақтай баланың бармаған жері, баспаған тауы қалмаған. Туа салып бар қызыққа күмп берген. Бар тамаша құшақ жайып күтіп тұрған алдынан. Қарайсың да қызығасың. Қызығасың да қызғанасың. Тас көмірді көрсе: «Бұ не деген құмалақ?» – дейтін осындай балалар шығар. Ал сол «құмалақты» бұл – отыздан асқан осы Телжан әлі күнге отқа жағып, шай қайнатып отырғанын сол балалар қайдан білсін?.. Әрі-беріден соң, бі реудің суретін салам деп, қақаған суықта қалтырап келген осы Телжанның балалық шағынан қалған өз суреті кәне? Алты жасында жайлауда геологтар түсіріп алған жалғыз фотосы бар еді, кейін жаз жайлауға, қыс қыстауға көшіп жүргенде, ол да жоғалып тынған...

Саусақ ұшынан түрлі түсті, үлкен-кішілі небір сурет сусып өтіп жатыр. Сурет емес, Рәштің бүкіл жүрген ізі, есею жолы, бақытты да қуанышты күндері бұның көз алдынан сырғып өте бергендей... Ол үнемі әдемі киінген. Не кесе де үстіне құйып қойғандай қона кеткен. Бір киіммен екі рет түскен суреті де жоқ... Міне, ол жүні сыртына қараған қара тон киіп, паркте тұр. Не

бары он-он бестегі кезі, бірақ үлкен адамдай шірене қалыпты шіркінің. Телжан ернін тістеді. Көкесі қырық жыл бойы қой бақса да, бұл мұндай тонды өңі түгіл түсінде де киіп көрді ме? Тон демекші... Баяғыда... бұның да он-он бестегі кезі еді. Ауылдан бес шақырым жердегі қыстаудан барып-келіп оқитын. Үстіне кигені ағасы Сейдештен ауысқан ескі пальто еді. Өзі ескі, өзі кең киімде қайбір лыпа болсын, етекпен үрген жел қойын-қолтығын қуалап, жонарқасы бір жылынбай, мұздайтын да тұратын. Бұның бүрсең қағып жүргенін көргенде көкесі: «Келесі айдың біріне дейін шыдай тұр, құлыным, сонда жылы тон алып беремін», – деп дәмелендіріп қояды. Өне-міне дегенше, «келесі айдың бірі» де келіп жетеді. Бірақ сол уақыттағы малшылардың жайы да мәз болмады ма, көкесі ауылға барып келгенде, бала-шағасынан ұялғандай көпке дейін бүгежектеп, жүзін төмен сала беретін... Сосын бұл тағы «келесі айдың бірін» күтуші еді. Өстіп жүргенде қыс ортасында ескі қора ның жарты төбесі құлап түскен де, қырық шақты қой қырылған да қалған. Содан кейін-ақ көкесінің мойнына су кетті, алғанынан «салғаны» көбейіп, көпке дейін тек төлеуден көз ашпай қойды. Көпке дейін үйдегі жеті бала да бірінің ескісін бірі киіп, бірінің жыртығын бірі жамап, әйтеуір, ілдебайлап күн кешкен. Неге екенін кім білсін, Телжан қазір сол күндерді бір тәтті қимастықпен, ыстық сағынышпен еске алатыны бар. Еске алса, енді айналып келмейтін ең аяулы сәттерінен қапыда айырылып қалғандай қайран жүректің сыздай қалатыны тағы бар. Расында, тым аяулы еді сол күндер. Үйелмелі-сүйелмелі жеті баланы жеткізем деп жүріп арқа еті арша, борбай еті борша болған ата-анаға деген аяушылық, бүгінде өзінен бұрын өзгені ойлап, «мен жемейін, сен же» дейтін жеті баланың бір-біріне деген аса жанашырлығы, жалпы адам баласына деген ыстық сүйіспеншілік – бәрі-бәрі бұлардың бойына сол бір шақта дәнін сепкен секілді. Шүкіршілік, осы мінез, осы қасиеттен айныған әлі ешқайсысы жоқ, бұдан басқасы ауылдан шашау шықпай, қара шаңырақты жағалай түтін түтетіп, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, береке-бірлікті сүттей ұйытып отырғандары анау. Ел мен жерден ерте жырақтап кеткенмен, бұның да жарты жаны ауылда жүреді. Және қаншама жыл қалада

тұрса да, кірпігі іліне қалса, баяғы ескі қыстаудан бірақ шығарын қайтесің? Сөйткен ауылға бармағалы да жылдан асыпты. Сөйтіп өсірген ата-анасына хат жазбағалы да екі айдың жүзі болыпты. Бар сылтауды шаруаға жауып, бар кінәні күйкі тірлікке тіреп, өзін-өзі алдаумен, жұбатумен жүрген жүрісі осы... «Мұндай тірліктің атасына нәлет! Жаз шықса екен тезірек...»

– Әке-шешең бар ма, күнім?

– Бар... Аман-сау, – деді бұл альбомға үңілген күйі. Дастарқан жасап жатқан кемпірге тіктеп қарауға жүзі шыдамаған. «Бар» дегені рас-ау, «аман-саулығын» қайдан біліпті?..

– Суреттері көп екен, – деп сосын әңгімені Рәшқа бұра салды.

– Оның көптігін қайтейін, мың суреттен Рәшімнің жалғыз сөзі артық еді ғой. – Кемпірдің даусы қалтырай шықты.

Келесі альбомды бұның да қолы қалтырай ашқан. Жалыққаны ма, әлде жаңағы көңілсіз ой көңілін суытып тастады ма, ендігі беттерге жай ғана көз жүгіртіп, асығыс парақтай бастады... Мұнда да әр суретке Рәштің қашан, қай жерде, кіммен түскені үнемі ұқыптылықпен жазылып отырыпты. Бұл соған қарап байқағаны: ол есейген сайын өз туыстарынан гөрі өзге біреулермен иықтасып, құшақтасып, қатарласып жүргені жиілей түседі екен. Ендігі тағдырын соларға қосақтап, нөқта жібін соларға ұстатып, ыстық ұядан біртіндеп алыстап, қашық тап бара жатқандай да екен. Құдды манағы «дет-яслидегі» ақ ха лат ты екі әйел оны бір жасында ата-анасынан қағып алып – мұғалімге, мұғалім – пионерге вожатыйына, пионер вожа тыйы – спорт тренеріне... сөйтіп қолдан-қолға қақпақылдай өтіп, ақыр соңында доцент, профессорлардың жанына дік ете түс кен тәрізді. Бұған қызыға қарап отырған Телжанның есіне тағы баяғы ескі қыстау түскен... Бұл да талай қақпақылдан өтіп еді... Жеті жасында Жоламанның үйі... Жоламаннан – Тоқмыр заның тоқал тамы... Тоқал тамнан – Қабдөштің қоржын үйі... Одан интернат... ферма... казарма... жатақхана... Ойлап қараса, өзі де туған үйімен тым ерте қоштасыпты. Мүмкін, жыл өткен сайын аға-бауырдан алыстап бара жатқаны да сондықтан шығар...

Көк пүлішпен тысталған соңғы альбомда Алла Пугачева ның, Высоцкийдің, Демис Руссос пен Карел Готтың, тағы сондай әйгілі өнер жұлдыздарының әдемі суреттері жапсырылып ты. Ол суреттердің жиегін түрлі түсті қарындашпен қоршап, бет тің ашық қалған тұстарына Сағди, Жәми, Низами сияқты ежелгі шығыс ақындары мен Гете, Гейне, Есениннің махаббат, жас тық туралы бір-бір шумақ өлеңін жазып, әр бетті өстіп безендіріп қойған. Телжан бұлардың арасынан кейде Рәштің де бармақтай басын кезіктіргенмен, оның өз әкесін көре алмады.

Тыеылып жатып тасада Тас атар тағдыр – бособа. Тосқауыл турар тосынеа Осы үйге болдым босаға... — деген сол Рәштің әкесі еді.

Телжан манадан ыңғайлап қойған бір-екі суретті қалтасына салды да, альбомдарды жиып-теріп, диван шетіне үйе салды. Күн недәуір еңкейіп қалыпты. Бөлме күңгірт. Терезеден ескен салқын сыз бетке ап-анық білінеді. Өттең, жыртық-тесігін бітеп алса, қалада мұндай үй қыз-қыз қайнап тұрмай ма?..

– Кел, кең отырып шай ішейік, балам. Бұл бөлмеге дастарқан жасалмағалы да қашан.... – Кемпір бұған үлкен құрмет көрсеткендей жанынан орын нұсқады.

– Ас үйден ауыз тие салмадық па... – деді бұл өзінше сыпа-йысып.

– Жоғә, қонағын қазан-ошақ қасынан шығарып салған қай қазақты көрдің?.. Сосын өзім де осы бөлмеде ішкенді тәуір көремін. Кең дастарқан басында өткен-кеткенің мен бала-шағанды ойлап, құла шайды асықпай сораптап отырғанға не жетсін?!. Бірақ оған күнде келер қонағың қайсы?..

«Қонаққа да зар қып қойған құдай-ай!..» Өзі де қонақ күте білетіні байқалады. Бар дәмдісін үйіп-төгіп тастапты. Сүрі шұжық, консервідегі сүт, бұқтырылған ет, сары май... түп-түгел үстелде тұр.

– Әйтеуір, бар жақсылықты үкіметтен көріп отырмыз, – деді кемпір бұның алдына «Шпрот» балығын ысырып қойып. – Өзі міздің салонда не керектің бәрі бар. Қашан барсаң – қалағаныңды аласың.

– Көршілеріңіз кім?

– Мен сияқты кәрі-кұртандар... Кезінде ұл-қыз өсіріп, астарына мәшине мініп, шетінен шіреп тұрған азаматтар еді. Енді тек қара бастары қалқайып қалды ғой, түге...

Кемпір қызылиегіне қыстырған бір түйір етті терезеге қадал ған күйі ұзақ малжаңдатты. Аузы қыбырлағаны болмаса, шүңі рейген көздері тастай қатып қалған. Қарауыта түскен бөлмемен бірге сол шүңірейген көзден де тіршілік сәулесі сәт санап сөне бергендей.

– Ыстықтай ас алып отыр, балам, – деді ол әлден уақытта. – Шикілі-пісілі бар мәзірім осы... Айтпақшы... – Кемпір кенет әлденені ұмытқандай, ас үйге бүкеңдей жөнелді де, сәлден соң жүгерінің собығындай ұп-ұзын екі қиярды қос қолдай ұстап келіп, столға серейте салды. – Теплисәнің қияры ғой... Жаңа ту райын деп тұрып, есімнен шыға қапты...

Телжан күліп жіберді. Осы ұзын қиярды көрсе, көз алдына ылғи Мақсұт деген қалалық жігіт келе қалатыны бар. Екеуі училищеде бірге оқып еді. Жеріңді көрсетші деп көптен қолқалап жүрген соң, өткен жылы жазда оны туған ауылына алып барған. Сонда бір күні көшеде келе жатқанда, алдарынан екіүш жігіт жолығып, бұл олармен бөгеліп қалған да, Мақсұт сереңдеп жүре берген. «Мынауың нағыз жираф қой», – деді жігіттердің бірі таңданып. «Кішірейтші кішкене, теплицаның әгүршігі десең де жетпей ме?» – деді екіншісі мысқылмен.

Бұған бәрі қарқылдап күлген. Бұны алысқа ұзай қоймаған Мақсұт та естіп қойыпты. Телжан қуып жеткенде, ол: «Біріншіден, жирафтың қазақшасы – керік, теплица – жылы жай, оғу рец – қияр. Сенбесең, орысша-қазақша сөздікке қара. Екіншіден, тілді білмей біреуге тиіспеген қажет», – деп көзін ежірейте қараған. Бұл үндеген жоқ, «огурецтің – қияр екені рас, бірақ «тілді білмей біреуге тиіспеген қажет» деген де қазақ ша ма? Әлде тілді сөздіктен үйренген адам осылай сөйлей ме?» деп ойлады да қойды.

Сол «жылыжайдың қиярын» кемпір, міне, жұқалап турап отыр. Шіркіннің, сырты сұлу болғанмен, іші кеуек екені рас қой. Табиғатың ыстық-

суығын бірдей көріп, жел мен күннің аясында желкілдеп өспеген дүниеде қайбір дәм-тату болсын?..

– Келесі күзде ағанның жетпіс жылдығы, – деді кемпір. – Соған қазірден қамданып жатқан жайымыз бар. Шүкіршілік, шалдың ескі достары екі томдық кітабын қайта бастырып шығарғалы отыр. Балаларым хош көрсе, соның ақшасына марқұмның басын қарайтып, бейітіне бір белгі қойсам деймін.

– Қуанбаса, несіне хош көрмейді?

– Кім білсін... Мая келген сайын «Дачам жоқ» деп қыңқылдайды. Тәшкендегі ұл «Үйім тар» деп хат жазады. Онымен қоймай жуықта ол «Жалғызсырап жүрсең, баламды жіберейін, үйіңе прапеска жаса...» деп жазыпты. Ертең әрмиеге кететін балаға прапеска не керек?.. Құрсыншы, бәріне көмектесем ғой, бірақ мені жағаттағанды қойып, тоғыз айдан бері не өлі, не тірісі белгісіз Рәшті неге іздемейді?!. Айтпайын десем де ішке сый майды, құрғыр...

Кемпір терең күрсінді. Телжан салқын шайға ернін тигізді де, кесесін шетке ысырып қойды. Қайтатын мезгіл жеткен сияқ ты. Бірақ кемпірден рұқсат сұрауға батылы жетпей және бі раз қипақтап отырды да, ақыры:

– Апа, келініңіз үйде жалғыз еді... – деді сыпайы.

– Ә, солай ма?.. Балалар қайда?

– Елде.

– Е-е, балам, елің де жақсы, бақшаң да жақсы. Бірақ бәрінен де келіннің өзі жақсы. – Кемпір сүйретіле тұрып, үстелін жинай бастады.

Телжан сыртқа шыққанда, өткен түнде прожектор жарығымен салып жатқан жаңа үйге тағы қызыға қараған. Кеше байқамапты, әр этажды тұтас орап алған ұзын балкондардың арасында лоджия да бар екен. Ұлу тастармен қапталған қызылсарғыш қабырғасы мен терезелердің ақ қаңылтыры батар күннің сәулесіне шомылып, тіптен жарқырай түсіпті. Неткен кере мет?! Ертең біреулер бұған да көшіп кіреді. Абыр-сабыр той болады, асыр салып балалар ойнайды. «Шіркін, кімнің бақы ты жанып тұр екен?!..»

* * *

Телжан он күн бойы бар шаруасын доғарып қойып, Рәштің портретін майлы бояумен жазып шыққан. Енді соны багет рамаға салып, кемпірге алып-ұшып келеді, қуантайын деп келеді асығып... Абырой болғанда, жұмысы көңілінен шыққан тәрізді. Бірақ сәл ғана көзіне күмәні бар. Альбомдағы суреттерінде дөпдөнгелек жанары үнемі ұшқын атып тұрғандай еді, ал мұн да... өлеусіреп өшіп бара жатқандай. Біртүрлі жансыз, жігер сіз... Бәрін қойшы, кемпір қуанса бопты да.

Төртінші этажға ентіге көтеріліп, баяғы алқа-салқа есікті бірекі қаққаны сол, көп күттірмей-ақ кемпірдің басы қылтиды.

- Ә, сен бе едің?.. Кір.
- Аман-сау отырсыз ба, апа?
- Шүкір.
- Мынау әлгі... Рәштің суреті еді.
- Рақмет.

Кемпір бұның қолынан портретті алды да, сыртына оралған қағазды да ашпастан дәліз бұрышына сүйей салды. Телжан аңтаң. Өз «жақсылығына» өзінше қарымта күтіп еді, кемпірден ешқандай ризашылық білінер емес. Бір уыс беті жиырылып, көзі кіртіе түсіпті. «Ауырып тұр ма, бейшара?»

– Өзінен де хат келген, – деді ол самарқау. – Бірер жылға дейін бара алмаймын дей ме, үйлендім дей ме сол... Лейсіпте, пашпұртым әзірге Мәскеуде деп танта ма... былжыраған бірдеме. Оны қойшы, мені есімнен тандырған мына Тілеубердінің жайы...

– Оныңыз кім тағы?

– Кім дерің бар, күнім... заманында азуын айға білеген азамат еді, ер еді нағыз еңіреген! Ақыры бұлай боларын кім білген, кім ойлаған? Бүгін таңертең өзі келіпті... анау жаңа үйге.

- Ол не үй сонда?
- Кәрілердің үйі ғой... Пансионат.

Телжан үйден шыға жөнелді. Көңілі алай-түлей. Көз алдын тұман басқандай. Мың сан сауал миын мүжіп барады, же

гікұрттай жеп барады жүйкесін. «Адамбыз!» дейміз айқай лап. «Адамгершілік!» дейміз үздігіп. Адам болсақ, арты мызға неге бір қайырылмаймыз? Адам болсақ, жыланның баласындай неге жан-жаққа зыта қашамыз туа сап?»

Сыртта ызғырық жел тұрыпты. Артына қайырыла бір қарап еді, кемпір балконға шығып, жаңа үй жаққа қарап тұр екен.